


QCY



QCY T5
TWS гарнитурасы

Шолу

Амбушюрларды таңдау




L



M



S



Пайдалануды орташа мөлшердегі амбушюралармен бастаңыз, өйткені ол көптеген адамдарға келеді.

QCY TWS гарнитурасы музыканы, сөйлеуді немесе басқа дыбыстық сигналдарды тыңдауға арналған.

Түйіндестіру

Алғашқы түйіндестіру:

1. Екі құлаққапты зарядтау кейсінен алыңыз.
2. Мобильді құрылғыңыздан қол жетімді қосылымдарды іздеңіз және "QCY-T5" таңдаңыз.


Ескерту: түйіндестіру аяқталғаннан кейін, құлаққаптар корпустан шығарылған кезде автоматты түрде қосылады. Егер құлаққаптар автоматты түрде қосылмаса, оларды зарядтаңыз.

Түйіндестірілетін құрылғыны ауыстыру:

1. А смартфонындағы Bluetooth функциясын өшіріңіз. Құлаққаптар автоматты түрде түйіндесуді өшіреді және іздеу режиміне өтеді.
2. Б смартфонынан қол жетімді қосылымдарды іздеңіз және "QCY-T5" таңдаңыз.

Ескерту: бірнеше құрылғымен түйіндестіру мүмкін емес.

Құлаққаптар келесі қосылған кезде Б телефонына автоматты түрде қосылады.




Теңшелімдерді арылту

Егер құрылғымен түйіндестіру кезінде іркілістер болса, зауыттық параметрлерге дейін арылтыңыз:

1. Смартфоныңыздың Bluetooth мәзірінен "QCY-T5" таңдап, "Елемей" немесе "Түйіндестіруді болдырмау" басыңыз.
 2. Екі құлаққапты да алып, сенсорлық батырмаларды 8 секунд бойы немесе жарық индикаторлары 2 секунд қызыл түспен жыпылықтағанша және құлақаспаптар сөнгенше басып тұрыңыз.
 3. Сенсорлық батырмаларды 10 секунд бойы немесе жарық индикаторлары қызыл және жасыл түспен 3 рет, содан кейін қайтадан қызыл түспен жыпылықтағанша басып тұрыңыз.
- Енді теңшелімдер арылтылды.

Ескерту: теңшелімдерді арылтқаннан кейін құлаққаптарды қосу үшін "Алғашқы түйіндестіру" тармағын қараңыз.



Қалай пайдалану керек



1. Құлаққапты салыңыз және ыңғайлы қолдану үшін құлағыңызда орналасуын реттеңіз.
2. Дауысты жақсы беру үшін микрофонды аузыңызға бағыттаңыз.

Шақырулар арасында ауысу

Құлаққаптар А құрылғысымен қосылған. Б құрылғысынан қоңырауды қабылдау үшін сенсорлық батырманы екі рет басыңыз. В құрылғысынан бір уақытта қоңырауды қабылдаған кезде Б қоңырауын ұстап тұру үшін сенсорлық батырманы екі рет басыңыз және В қоңырауына өтіңіз. Қоңыраулар арасында ауысу үшін сенсорлық батырманы басып тұрыңыз.

Екінші кіріс қоңырауды қабылдамау: құлаққаптар А құрылғысына қосылған, Б құрылғысынан қоңырауды қабылдау үшін сенсорлық батырманы екі рет басыңыз. В құрылғысынан бір уақытта қоңырауды қабылдаған кезде қоңырауды қабылдамау үшін сенсорлық батырманы басып тұрыңыз.

Моногарнитура режимі

1. Құлаққаптарды өшіріңіз, содан кейін құлаққаптардың біреуінің сенсорлық батырмасын 5 секунд бойы басып ұстап тұрыңыз (жарық қызыл және жасыл болып жыпылықтайды).
2. Смартфоныңыздың Bluetooth мәзірінен "QCY-T5" таңдаңыз

Құлаққаптарды зарядтау

Құлаққаптарды зарядтау кейсіне салыңыз. Зарядтау кезінде жарық индикаторы қызыл түспен жанып, максималды зарядқа жеткенде 1 минут ішінде жасыл болып жанады.

Кейсты зарядтау

Кейсті USB кабелінің көмегімен зарядтаңыз. Зарядтау кезінде жарық индикаторы жасыл түспен жанып, соңында өшіріледі.

Техникалық сипаттамалары

Үлгісі: In2029A.

Сауда белгісі: QCY.

Bluetooth нұсқасы: 5.0.

Күту режиміндегі жұмыс істеу уақыты: 70 сағатқа дейін.

Зарядтау уақыты: 2 сағатқа дейін.

Ойнату режиміндегі уақыты: 5 сағатқа дейін

Сөйлесу режиміндегі уақыты: 4 сағатқа дейін

Сымсыз байланыс радиусы: 10 м дейін (кедергісіз).

Батареяның типі : литий-ионды

Батарея сыйымдылығы (құлаққаптар): 3.7 В, 43 мА/сағ.

Батарея сыйымдылығы (зарядтау кейсі): 3.7 В, 380 мА/сағ.

Кіру параметрлері (зарядтау кейсі): 5 В, 500 мА.

Жиіліктер диапазоны: 2400-2483.5 МГц.

Таратқыштың қуаты: 4 дБм.

Сымсыз байланыс стандарты: IEEE 802.15.

Bluetooth профильдері: HFP/A2DP/AVRCP.

Құрылғының функциялары

Функциялары	Ағымдағы күйі	Әрекет/ нәтиже	LED	Дыбыс
TWS режимін белсендіру	Құрылғы өшірулі, теңшелімдер арылтылды	Құлаққапты қосу үшін және түйіндестіру режиміне кіру үшін батырманы 1 секунд басып тұрыңыз	Қызыл және жасыл түспен жыпылықтайды	Дыбыстық сигнал
	Құрылғы өшірулі, түйіндестіру режиміне кіру үшін батырманы 5 секунд басып тұрыңыз	TWS режимін іске қосу үшін батырманы екі рет түрткіз	Қызыл және жасыл болып жыпылықтайды, содан кейін оң жақ индикатор сөнеді	\
Іске қосу	Құрылғы сөндірілген	Батырманы 1 секунд басып тұрыңыз	Жасыл түспен 1 секунд жанады	Дыбыстық сигнал
	Құрылғы зарядталады	Құлаққаптарды кейстен шығарыңыз	Жасыл түспен 1 секунд жанады	
Сөндіру	Құрылғы қосылған	Құлаққапты өшіру үшін батырманы 8 секунд басып тұрыңыз (егер құрылғы түйіндестірілмеген болса, онда екі құлаққап та өшеді)	Қызыл түспен 2 секунд жанып тұрады	Дыбыстық сигнал
		Өшіру үшін құлаққапты кейске салыңыз	Қызыл түспен жанады	
Теңшелімдерді арылту	Құрылғы сөндірілген	Теңшелімдерді арылту үшін батырманы 10 секунд басып тұрыңыз	Қызыл және жасыл болып 3 рет жыпылықтайды, содан кейін құлаққап өшеді (егер сіз екі құлаққапты өшірсеңіз, теңшелімдерді арылту үшін екі батырманы да 10 секунд басып тұрыңыз. Алдымен тек бір индикатор жыпылықтайды, содан кейін екеуі де қызыл және жасыл түспен 3 рет жыпылықтайды)	\
Жауап беру/ қоңырауды аяқтау	Кіріс қоңырау/ сөйлесу режимі	Батырманы екі рет түрткіз	\	Дыбыстық сигнал
Кіріс шақыруды қабылдамау	Кіріс шақыру	Батырманы 2 секунд басып тұрыңыз	\	Дыбыстық сигнал
	Құрылғы түйіндесті	Сол жақ құлаққап батырмасына үш рет қол тигізіңіз	\	Дыбыстық сигнал
Игровой режим (Ойын режимі)	Ойын басталды	Ойын режимін қосу/өшіру үшін оң құлаққап батырмасын үш рет түрткіз	\	Қосу: 2 сигнал Сөнд. 3 сигнал
Ойнату/кідіріс	Музыканы жаңғырту	Кідірту батырмасын екі рет түрткіз, ойнату үшін екі рет түртуді қайталаңыз	\	\
Тректі ауыстыру	Музыканы жаңғырту	Алдыңғы/келесі тректі қосу үшін сол/оң құлаққап батырмасын басып тұрыңыз	\	\

Кепілдікті міндеттемелер

Өндіруші құрылғының кепілдік мерзімінің ішінде үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылымында ақаулардың жоқтығына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсетуге, пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен болмаған істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Жұмыс істеп тұрған сервис орталықтарының мекенжайы:
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Құрылғыны кәдеге жарату

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы қаптамасында өндірушінің және тұтынушының жылытылатын орынжайларында ауа температурасы 5 °C бастап 40 °C дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 % аспайтын кезде сақталуы тиіс. Орынжайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің бұлары) болмау керек.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғыны ұқыппен қолдануды талап етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін, оны әдеттегі тұрмыс қалдықтарымен бірге лақтыруға болмайды. Мұның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейінгі қайта өңдеу мен кәдеге жарату үшін тиісті электр және электрондық жабдықтарды қабылдау орнына кәдеге жарату керек. Осы бұйымды кәдеге дұрыс жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісінше қолданбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін нұқсанның алдын аласыз. Осы бұйымды қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыс қоқысын шығаратын кәсіпорыннан ала аласыз.
- Құрылғы ақаулығын анықтаған кезде дереу авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.



Қосымша ақпарат

Өндіруші: Дунгуань Хэле Электроникс Ко., Лтд. Далинья өнеркәсіптік аймағы, Даоцзяо, Дунгуань қ., Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане: ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан

Тауар ЕЭО ТР 037/2016 «Электр техника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» Еуразиялық экономикалық одағының техникалық регламенті талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары алдын-ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 12 ай.



Дайындалған күні қаптамада көрсетілген.

V.5

Құрылғыны қолдану бойынша кеңестер

1. Құрылғымен жұмыстың алдында осы пайдаланушы нұсқаулығын мұқият оқыңыз.
2. Алғашқы қолданар алдында гарнитураны толық қуаттаңыз.
3. Егер сіз құрылғыны 2 апта бойы пайдаланбасаңыз, оны мерзімді түрде зарядтап тұрыңыз.
4. Білікті өндіруші жасаған зарядтау құрылғыларын қолданыңыз.
5. Егер құрылғы Сіздің телефоныңызда қосылуға болатындар тізімінде көрсетілмесе, түйіндестіру режимінің қосылғанын тексеріңіз; егер гарнитура түйіндестіру режимінен шықса, түйіндестіру процесін қайтадан орындаңыз; телефонда/гарнитурда қате пайда болса, оны қайта жүктеңіз.

Сақтық шаралары

1. Құрылғыны бөлшектемеңіз және оның құралымына өзгерістер енгізбеңіз.
2. Құрылғыны экстремалды температурада сақтамаңыз (0 °C-тан төмен немесе 45 °C-тан жоғары).
3. Индикаторды балалар мен жануарлардың көзіне бағыттамаңыз.
4. Электр тогымен зақымдануды болдырмау үшін найзағай кезінде құрылғыны пайдаланбаңыз.
5. Гарнитураны тазарту үшін агрессивті жуғыш заттарды немесе химикаттарды пайдаланбаңыз.
6. Құрылғының құрғақ болуын қадағалаңыз.
Есту қабілетінің бұзылуын болдырмас үшін гарнитураны қауіпсіз дыбыс деңгейінде қолданыңыз.